

ПАЙДАЛАНУШЫ КЕЛІСІМІ

Осы Пайдаланушы Келісімі отандық және шетелдік сатып алушылар шикізат емес өнімдердің өңдеуші салаларының экспорттаушыларына арналған Ұлттық интерактивті ақпараттық ғаламтор ресурстарының сервистері мен материалдарын қолдану шарттарын анықтайды www.export.gov.kz (бұдан әрі – Портал). Бұл құжат Пайдаланушы мен Портал Әкімшілігінің арасындағы келісім болып табылады. Пайдаланушы Порталды немесе Порталда жарияланған кез келген ақпаратты, сондай-ақ ұсынылған сервистерді пайдаланар алдында Келісімнің барлық мәтінін мұқият оқып шығуға міндеттеледі.

Портал Келісімді толық мойындай отырып, Пайдаланушыға өзінің барлық қызметтері мен функцияларын пайдалануды ұсынады. Порталға кіріп, парақшаларды оқып, Пайдаланушы қандай да бір шектеусіз немесе ескертпесіз Келісімде белгіленген шарттарды, сондай-ақ Пайдаланушы мен Портал арасындағы кез келген қолданыстағы басқа келісімдерді қабылдайды, осы Келісімдегі шарттарға қарсы келмеуі керек.

ЖАЛПЫ ШАРТТАР

Порталдың материалдары мен сервистерін пайдалану Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама нормаларымен реттеледі.

Осы Келісім көпшілікке арналған оферта болып табылады. Портал материалдарына кірген сайын Пайдаланушы осы Келісімді қабылдаған болып есептеледі.

Портал Әкімшілігі кез келген уақытта біржақты тәртіпте және арнайы алдын-ала ескертпей, осы Келісімнің шарттарын өзгертуге құқылы. Мұндай өзгертулер Келісімнің осы жаңа нұсқасында басқасы қарастырылмаса, Порталға жаңа нұсқасы жарияланған сәттен бастап күшіне енеді. Келісімнің қолданыстағы нұсқасы Порталдың www.export.gov.kz. парақшасында жарияланған. Пайдаланушы енгізілген өзгертулермен келіспеген жағдайда, Порталға кіруден бас тартуға және Порталдың материалдары мен сервистерін қолдануды дереу тоқтатуы міндетті.

ПАЙДАЛАНУШЫНЫ ТІРКЕУ, ҚҰПИЯСӨЗ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК

Порталдың барлық сервистерін пайдалануға мүмкіндік алу үшін Пайдаланушы «Тіркеу» бөліміндегі барлық қажетті өрістерді толтырып, тіркеу рәсімдерінен өтуі тиіс.

Тіркеу кезінде Пайдаланушы Портал Әкімшілігіне толы, нақты және шынайы ақпаратты ұсынуға міндеттеледі.

Порталға тіркеле отырып Пайдаланушы Порталды, Келісімді пайдалану ережелерімен танысқанын, оларды түсінгенін, барлық ережелермен келісетінін және оларды орындайтынын растайды. Тіркеу амалдарынан өту әрекетін көрсететін Келісім Пайдаланушы Порталға тіркелген кезде шарттарымен келіскендігін білдіргеннен бастап күшіне енеді. Портал Әкімшілігі осы Порталды пайдалануға қатысты кез келген қосымша талаптар мен шектеулер қоюға құқылы.

Егер Пайдаланушы осы Келісімнің қандай да бір шарттарымен келіспесе, ол дереу Портал сервисін пайдалануын тоқтатып, Порталдан шығуы тиіс.

Тіркеу кезінде Пайдаланушы ұйымның атауын, БСН, меншік түрін, облысын, қаланы, ұйымның тіркеуін, саласын, тауар/қызметін, web-сайтын және құпиясөзін көрсетеді. Ғаламтор пайдаланушысы Порталдағы пайдаланушы аккаунтымен іске асырылған әрекеттері үшін жауапты, тіпті өз мәліметтерін басқа тұлғаға ұсынған жағдайда да.

Осы Келісімнің ережелері бұрын тіркелген барлық Пайдаланушыларға міндетті болып табылады.

ПАЙДАЛАНУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Пайдаланушының құқығы:

Порталдың барлық сервистерін пайдалану.

Өз сайтында (блогында, т.б.) Порталға сілтеме салу.

Портал Әкімшілігі Портал парақшасының дизайны немесе Порталдағы кез келген ақпараттан басқа, Пайдаланушының Портал құжаттарын, бөлімдердің файлдарын өзінің жеке мақсатына қолдану мүмкіндігіне келісім береді.

Пайдаланушы міндеттеледі:

Өзі туралы дұрыс және шынайы деректерді беру;

Қазақстандық заңнама немесе халықаралық құқық нормаларын, оның ішінде зияткерлік қабілет, авторлық және/немесе аралас құқық саласында бұзушы ретінде қаралатын әрекеттерді жасамау, соның ішінде Пайдаланушы міндеттеледі:

- Порталда авторлық және аралас құқық нысандарын тек құқық иесінің келісімен жариялау және басқа әдіспен пайдалану;

- Порталға Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайлардан басқа жағдайда, үшінші тұлғаның суретін сол сурет иесінің келісімімен ғана салу;

- Порталдың сервистері мен басқа мазмұнын тек жеке және коммерциялық тұрғыдан пайдалану. Бұл Пайдаланушының тек өзі үшін Порталды қарай алатынын, Порталда ұсынылатын сервистерді қолдана алатынын білдіреді, сол материалды және/немесе құқықты басқа тұлғаларға сатуға, айырбастауға немесе басқа әдіспен беруге құқығы жоқ;

- Порталды пайдалану нәтижесінде алынған сервистерді немесе өнімдерді, бағдарламалық жасақтаманы, суреттерді, кез келген ақпаратты өзінің не қандай да бір сайтқа (блогында, т.б.) сатпау немесе жарияламау, өзгертпеу, көшірмеу, бермеу, таратпау, шығармау.

Портал аясында қарым-қатынас орнатуға арналған формаларды пайдалану, тек қарым-қатынас орнату үшін, оның ішінде, Пайдаланушыға тыйым салынады:

- балағат сөздері бар хабарламаларды жіберуге, беруге, салуға немесе қандай да бір әдіспен жариялауға, жала жапқыш немесе қорлаушы сипатта болуға, адамдарды нәсіліне, этникалық құрамына, жынысына немесе әлеуметтік белгілеріне қарай кемсітуге және өшпенділікті насихаттауға;

- порнографиялық сипаттағы хабарламаларды салуға, беруге, жіберуге және басқа әдіспен жариялауға;

- Портал Әкімшілігінің алдын-ала келісімінсіз немесе оның атынан Портал аясында коммерциялық қызметті жүргізбеу.

Портал сервистері мен Порталдың қалыпты жұмысын бұзатын немесе соған әкелетін әрекеттердің, сондай-ақ зиянды әрекеттердің ешқайсысын жасамау, соның ішінде Пайдаланушыға тыйым салынады:

- коммерциялық бағдарламалық өнімдердің сериялық нөмірі немесе оларды іздестіруге арналған бағдарламалар, кез келген компьютерді, телекоммуникациялық жабдықтарды, бағдарламаларды бұзу, жою не жұмысын шектеу үшін, сондай-ақ ғаламтордағы ақылы ресурстарға заңсыз кіру мүмкіндігін алуға арналған қаражаттар, құпиясөздер, логиндерге заңсыз кіріп, вирусы немесе басқа компьютер коды бар қандай да бір материалдарды, файлдар не бағдарламаларды жүктеу, жіберу, қандай да бір әдіспен жариялау, сонымен қатар жоғарыда аталғандарға сілтеме көрсетіп жариялау;

- Порталға кіріп отырған кезінде ақпаратты қандай да бір автоматты түрде жинау әдістерін қолдану;

- басқа пайдаланушының алдында арам пиғылмен алу мақсатында жүйенің кемшіліктерін пайдалану;

- Портал Әкімшілігі немесе басқа Пайдаланушылар жосықсыз деп есептейтін кез келген әрекеттерді жасау.

Пайдаланушы Порталға жариялаған материалда үшінші тұлғаның тарапынан авторлық немесе аралас құқықты бұзуға қатысты Портал Әкімшілігіне қандай да бір шағым және/немесе талап қойған жағдайда, сонымен бірге суреттегі тұлғаның келісімінсіз жариялауға қатысты Пайдаланушы өздігінен осы шағымдарды реттеу амалдарын қабылдауға міндеттеледі. Жоғарыда аталған кез келген шағымдарды алғанда, Портал Әкімшілігі үшінші жақтың шағымы бар суреттерді жойып тастайды, сондай-ақ Пайдаланушының тіркеуін жоюға не Пайдаланушының Порталға кіру мүмкіндігін тоқтата тұруға құқылы.

Пайдаланушы Портал Әкімшілігінің барлық бұйрықтарын орындауға міндеттеледі.

Пайдаланушы Порталды пайдалану нәтижесінде алған кез келген ақпаратты осы Келісімнің шарттарын бұзу үшін қолдану Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, қылмыстық іске немесе азаматтық талапқа әкелетініне келіседі.

ПОРТАЛ ӘКІМШІЛІГІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Портал Әкімшілігі құқылы:

Егер Портал Әкімшілігі Пайдаланушы осы Келісімнің бір немесе бірнеше шарттарын бұзды деген болжам жасауға негіз болса, кез келген уақытта өз қалауымен Пайдаланушының тіркеуін болдырмауға не тоқтата тұруға, Пайдаланушыға сыйлықты алу құқығын бермеу немесе Портал мүмкіндіктерін пайдаландырмау;

Порталда суреттерді немесе басқа материалдарды салуға қажет құқықтарын Пайдаланушыдан сұрату;

Пайдаланушының мүдделерін қорғау үшін Портал Әкімшілігіне қажет, тіркеу кезінде Пайдаланушы көрсеткен барлық жеке деректер Портал Әкімшілігінің құпиялылық туралы саясатына сәйкес қорғалады; көрсетілген деректер өте мұқият өңделеді және үшінші тарапқа заңсыз берілмейді. Пайдаланушы өзінің жеке деректерін пайдалану шарттарымен келіседі. Портал Әкімшілігі үшінші тараптың Пайдаланушының жеке деректерін заңсыз пайдалануына жауапты емес, сондай-ақ Пайдаланушыға немесе басқа тұлғаларға үшінші тарап пайдаланғаннан туындаған зиянның орнын толтырмайды.

Пайдаланушыға міндетті түрде орындалатын бұйрықтарды беру;

Пайдаланушыға ескертпей, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама нормаларына немесе осы Келісімге сәйкес келмейтін Пайдаланушының материалдары мен ақпараттарын жою;

Пайдаланушыдан алынған кез келген ақпарат келесі әдістердің бірі арқылы қолдануы мүмкін:

- Пайдаланушыларға арналған Порталды дербестендіру мақсатында;
- Портал қызметін жетілдіру мақсатында;
- Пайдаланушыларға қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында;
- ақпараттық хаттар жіберу үшін;

Кез келген сәтте, алдын-ала аранйы хабарламай, Порталдың бөлімін және/немесе сервисін өзгерту, жою немесе басқаша әдістермен түрлендіру, оған қоса, бірақ мұнымен шектелмей:

- Портал контентін жою немесе өзгерту;
- Пайдаланушының осы немесе басқа оартықшылықтарын шектеу, тоқтату не доғару;
- Порталдың осы не басқа компьютерлік жабдықпен немесе бағдарламалық жасақтамамен үйлесімділігін шектеу.

Портал Әкімшілігі міндеттеледі:

Осы Келісімнің барлық шарттары мен талаптарын орындаған жағдайда, кез келген Пайдаланушыға Порталды пайдалану мүмкіндігін беру;

ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН БОСАТУ

Әкімшілік Портал сервистерінің үздіксіз, жылдам, сенімді әрі қатесіз берілетініне кепілдік бермейді (мысалы, хакерлердің шабуылынан, DOS-шабуылдан, күтпеген жағдайлар және дүлей күштен туындаған жағдайлар, мысалы: желідегі күштің жетпеуі, табиғат апаттары және т.б.). Портал Әкімшілігі дұрыс ауқымда қателіктерді түзетуге және Пайдаланушыларды осы қателіктерден қорғау мәселелерін шешуге ұмтылады. Осылайша, Пайдаланушы техникалық себептерге байланысты Портал Әкімшілігіне шағым жасай алмайды. Жүйенің шамадан тыс жүктелуінің алдын алу үшін Пайдаланушының бір уақытта жүйеге күру мүмкіндігі шектеледі. Бұл жағдайда Пайдаланушыға Порталдың бірнеше минуттан кейін іске қосылатыны хабарланады. Порталға қосылу үшін қолданылатын Пайдаланушы компьютерінің немесе құрылғысының техникалық кескіндемесіне Пайдаланушының өзі жауапты.

Портал сервисінің жұмысына толық не жартылай қатысы бар Қазақстан Республикасының билік органдары нормативті-құқықтық актілерді қабылдаған жағдайда, Портал Әкімшілігі жаңа нормаларға сәйкес келтіруге бағытталған Портал мүмкіндіктерінің жұмысына қатысты өзгертулер енгізуге құқығын сақтап қалады.

Портал Әкімшілігі қарым-қатынас орнату сипатындағы жарияланымдарға жауапты емес және осы жарияланымдардың мазмұнын тексеруге міндетті емес. Алайда, Портал Әкімшілігінің пікірінше, осы Келісімнің талаптарына және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келген қандай да бір жарияланымдар анықталса, оны жойып тастауға құқылы.

Портал Пайдаланушыларының қарым-қатынас орнату сипатында жарияланған пікірлері Портал Әкімшілігінің аікірімен сәйкес келмеуі мүмкін.

Пайдаланушыға Порталдағы сілтемелерді, сыртқы ресурстарды пайдаланғаны үшін және соларға кіргені үшін Портал Әкімшілігі жауапты емес екендігі ескерілді.

Портал Әкімшілігі Пайдаланушының Порталға беретін материалдардың мазмұнына жауап емес.

Портал Әкімшілігі Пайдаланушының Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, оның ішінде үшінші тұлғалардың авторлық және аралас құқықтарын бұзғаны үшін жауапты емес.

ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Осы Келісімнен немесе соған байланысты туындайтын барлық даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

Осы Келісімнің қандай да бір шартын бұзу Келісімді өрескел бұзушылық болып есептеледі және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Портал Әкімшілігінің Пайдаланушыны аңду әрекетіне соқтырады.

Осы Келісіммен Портал Әкімшілігі Қазақстан Республикасының құқығына немесе кез келген басқа құзыретіне сәйкес, құқықтық қорғау шараларын қолданады.